

**Робототехника, бағдарламалау және инновациялық технологиялардың
«Roboland 2019» V-ші халықаралық фестивалі кезіндегі техникалық
және өрт қауіпсіздігі ережелері**

Өтетін орны: Қазақстан, Қарағанды, Қазақстан көш., 1, «Жастар» спорт кешені

1. Команда жетекшісінің жауапкершілігі

-Команда жетекшісі – кәмелет жасына толған азамат, команда мүшесі, командағы әкімшілік жетекшілік етеді, Фестиваль ұйымдастырушылары мен басқа да ұйымдар алдында команда мүддесін қорғайды, жәнеде Команданың барлық мүшелерінің техникалық және өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтауын қадағалайды. Команда жетекшісі штаттан тыс жағдайларда команда қатысушыларының қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

2. Фестиваль қатысушыларының міндеттері:

-Фестивальдің ресми сайтында жарияланған Фестиваль ережесінің 7.14, 7.15, 7.16 бөлімдеріндегі талаптарды сақтау және орындау.

3. Техникалық және өрт қауіпсіздіктерін қамтамасыз ету:

-18 жасқа дейінгі балалар ересектің қарауымен немесе топ және команда құрамында жаттықтырушы, нұсқаушы немесе оларға жауап беретін адамның қарауымен жүрулері керек.

-Түтін иісі, жану, өрт немесе ерекше дыбыс шыққан жағдайда бірден жұмысты тоқтатып, ол жайлы Жетекшіге немесе жақын маңдағы Ұйымдастырушы комитеттің немесе қауіпсіздік қызметінің өкіліне хабарлау қажет.

-Жетекші немесе Ұйымдастырушы комитеттің өкілі жағдайды бағалап, ары қарай адамдарды қауіпсіз жерге шығару немесе өрт сөндіру қызметіне хабарлау бойынша шешім шығару үшін туындаған жағдай жайлы қауіпсіздік қызметіне хабарлауы тиіс.

-Қатысушылар Қауіпсіздік қызметі қызметкерлерінің барлық талаптарын орындауға міндетті.

-Өзін жайсыз сезіну немесе тағы басқа жағдайда жұмысын тоқтатып, ол туралы Жетекшіге немесе жақын маңдағы Ұйымдастырушы комитеттің өкіліне хабарлау керек.

-Фестиваль аумағында дәрігер болады, кез келген қатысушы өзін жайсыз сезінген немесе жарақат алған жағдайда оның көмегіне жүгіне алады.

4. Өрт және техникалық қауіпсіздік ережелері

- Қолдан жасалған тоқ көздерін пайдалануға тыйым салынады.

Жанында электр құралдары бар техникалық аумақтағы үстелдерге су, сусын немесе тағы басқа сұйықтықты қоюға, қалдыруға және жанында ұстап тұруға тыйым салынады.

-Су қолмен құралдарды тоққа қыстыруға немесе тоқтан суыруға болмайды.

-Электр құралдарын сымнан тартпаңыздар (қолмен тек тоққа қыстыратын жерін ғана ұстауға болады), себебі сым үзіліп кетуі мүмкін немесе тоқ соғуы мүмкін.

- Ашық тұрған электр сымна жақындауға және оның қолмен ұстауға болмайды.
- Жанып жатқан электр құралдарын сумен өшірмеңіздер.
-Фестиваль аумағында орналасқан электр жүйелеріне жоламаңыздар және оларды ашпаңыздар.
- Қосулы тұрған электр құралдарына жөндеу жұмыстарын жасамаңыздар.
- Электр көздеріне бөтен заттарды тықпаңыздар.
-Өткір заттарды тек жетекшінің немесе алып жүруші ересек адамның қарауымен ғана қолданыңыздар.

-Техникалық аумақта тәртіпті сақтау міндетті! Роботты дайындау үшін қажетті барлық заттар үстел астына орналасуы керек. Командалар тәртіпті сақтамаған жағдайда жауапты тұлғалар «Фестиваль туралы ереженің» бұзылған үшін жарыстан шектетілуі мүмкін.

- Барлық жұмыстар мен құралдар мынадай жағдаймен жасалуы тиіс, яғни айналадағы адамдарға, жарыстарға қатысушы басқа роботтар мен құралдарға және жолдарға кедергі келтірмеуі тиіс.
- Құрамында денсаулыққа зиянды заттар, мысалға, сынап немесе қорғасын бар заттар, күміс-полимерлік қуаттағыштар бар элементтерді қолдануға тыйым салынады.
- Ойын алаңында роботтар шассилерінің электр сымдарын жерге қоюға тыйым салынады.
- Командаларға роботты басқарудың барлық әдісін қолдану арқылы кез келген сынақты техникалық аумақта жасауға тыйым салынады.
- Фестиваль аумағында дәнекерлеу құралы мен кез келген кәсіби кескіш құралдарды қолдануға тыйым салынады.
- Конструктормен жұмыс кезінде ұсақ бөлшектерге көңіл бөлу маңызды. Ұсақ бөлшектерді ауызға салуға және жұмыс үстеліне шашып тастауға болмайды.

5. Төтенше жағдайлардан қорғану

- Фестиваль қатысушыларына, қонақтарына және қызметкерлерге туындаған ТЖ жөнінде және қандай да бір шара қолдану керектігі жайлы алдын ала ескерту мақсатында, дауыс зоратқышпен хабарландыру әдісі қолданылады, шараның барлық қатысушылары оған құлақ асулары тиіс.
- Шұғыл хабарламаны толық тыңдау керек, және де ондағы ақпараттар төтенше жағдай туындаған кездегі барлық талаптарға сай мүлтіксіз қатаң орындалуы тиіс.

«RoboLand 2019» Фестивалінің ұйымдастырушы комитеті